## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Бекітемін:**
**Оқу ісі жөніндегі орынбасары :** Аманшеева А.Ж Сынып жетекшісі: Жумабекова М.Б

**Білім беру ұйымы** М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ
**Сыныбы:** «Ә» сыныбы
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 27-31 мамыр 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдеріменкеңес ,әңгімелесу** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>**Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.** | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту | **Ата-аналармен әңгіме:**<br><br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | «Мен кіммін?».Фотосуретте бейнеленген үрттерді атау | Әңгімелесу.Өздерінің қандай екенін әңгімелеп беру | Сурет салу.Өздерінің суретін салу | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 15 | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | «Жел соғып тұр»<br>Мақсаты: Кез – келген жағдайларда қатты немесе ақырын дауысты қолдана білуді дамыту | «Кел, ойнайық!»<br>Мақсаты: Қатты дауысты пайдалана білуді шынықтыру | «Қатты – ақырын»<br>Мақсаты: Дауыс күшін алмастыра білуге үйрету: біресе қатты, біресе жай. | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті** - Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға баулу<br>**Мақсаты «**Жаздың кезі көңілді» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту.<br><br>**–**Балалар, біз жолда қарап отырмай, терезеден көргенімізді айта отырайық.<br>–Қарандаршы, табиғат қандай сұлу болып, құлпырып кеткен.<br>–Қазір қандай мезгіл?<br>–Ендеше, «жаз» сөзіне дыбыстық талдау жасайық.<br>–Өте жақсы, балалар.<br>–Балалар, біздің пойыз ауылдың шетіндегі стансыға келіп тоқтады. Балаларға көмек ретінде жаз мезгіліндегі ауыл бейнесінің суреті ілінеді.<br>–Кәне, не көріп тұрмыз?<br>Педагог балалардан «ауыл» сөзіне дыбыстық талдау жасауларын сұрайды. Пойыздың үні естіліп, балалар келесі стансыға келіп тоқтайды. Стансы «Көл жағасында» деп аталады.<br>–Осы тақырыпқа байланысты әңгіме құрауларыңды сұраймын. Сөздік жұмыс:<br>–Балалар, «көл» сөзіне талдау жасайық.<br>Пойыздың дыбысы мен жүрісі естіліп, балалар саяхатын жалғастырады | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті: -**Саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу<br>**Мақсаты** балалардың білімін пысықтау.<br><br>Буынмен жұмыс<br>«Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны<br>– Мен сөздер айтамын, ал сендер мен айтқан сөздерді шапалақ ұру арқылы буынға бөлесіңдер. Мысалы: Та-на, ал-ма, бал, тал, сыз-ғыш, кі-тап, қам-шы, ер, көл, ку-ыр-шақ, құс, та-уық, қо-ныз, кө-бе-лек, са-уыс-қан, тек-ше, мар-ғау, жа-лын, ә-теш, ке-кі-лік, ақ-ку, кө-гер-шін, тас-ба-қа, ұ-шақ, а-пель-син, ман-да-рин, дом-бы-ра, ба-ра-бан, бел-дік, пар-та, са-на, ө-рік, кө-рік, сый-лық, кө-мір, ке-ру-ет, ди-ван, жа-лау, қай-мақ, ба-уыр-сақ, тал-қан, жыл-қы, мон-шақ, қы-мыз т.б.<br>«Дұрыс көтер» дидактикалық ойыны<br>– Мен сендерге сөздерді оқимын, егер сөздерді дауысты дыбыстар жуан болса, сары | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті** - Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзынжәне қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру<br>**Мақсаты**балалардың білімін пысықтау<br>.<br>Сөздің дыбыстық талдауымен жұмыс.<br>«Дұрыс па, бұрыс па?» дидактикалық ойыны<br>Педагог алша, түн сөздерінің дыбыстық талдауын тақтаға іледі.<br>– Орындарында тақтадағы суреттердің атауына дыбыстық талдау жасаңдар. Педагог тақтаға бір баланы шақырады дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар тақтадағы жұмыстың дұрыс-бұрысын тексереді | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дөңгелекті, жіңішке болса, қызыл дөңгелекті көтеріңдер.<br>Мысалы: банан, күріш, ақымақ, анар, алжапқыш, әтеш, қызанақ, қияр, балға, балта,<br>шалғы, қоңыз, қарға, сауысқан, шырын, сана, балық, қайшы, қаламсап, көбелек, төбелес, тоқылдақ.<br>Сөздің | | | |

**Үзіліс:Жүгіруге арналған ойындар «Күн мен жаңбыр»**

**Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:**
**Шегіртке.**
Ш-ш-ш-шегірткемін ш-ш-ш-шырылдақ,
Ән саламын ш-шырылдап:
-ш-ш-ш-ш-ш
Жоқ тұрақты мекенім,
Ш-ш-ш-шөпті қорек етемін.
-ш-ш-ш-ш-ш
(Шегіртке болып «ш»дыбысын айтып көр.)
**Қоңыз.**
Тым қатулы кескіні,
Жақтырмаймын ешкімді,
Үлкен қара қоңыздың
Дауысы алыстан естілді:
-ж-ж-ж-ж-ж
Мұндай сұмдық бола ма?
Келе салып сонаға
Гүжілдеді: «Бұл ж-ж-ж-жерге
Енді қайтіп ж-ж-ж-жолама!»
-ж-ж-ж-ж-ж
Көбелек пен инелік
Қалды тіптен именіп.
Мұңды әуен басталды
Шегірткеміз күйзеліп:
-ш-ш-ш-ш
Ызылдады ара да:
-з-з-з-з-з
Ызылдады маса да:
-з-з-з-з-з
Ал өрмекші үн түнсіз
Жасырынды тасаға
«Тыныштықты бүгінгі
Келді дағы бүлдірді»-
Деп қоңызға құмырсқа
Өз ренішін білдірді.
Ал қоңызға бәрібір,
**Айтатыны:** «Ары ж-ж-жүр!»
Жанында еш досы жоқ,
Гүж-гүж етіп әлі жүр.
(Балақай, ойыншық жәндіктермен үстел театрын жасап ойнауға болады. Әр жәндіктің сөзін айтып болған соң, оның дыбысын салуды ұмытпа)





**Ойын: «Күн мен жаңбыр»**
**Мақсаты:**Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.
**Ойынның шарты:**Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.
**Ұсыныс:Тәрбиеші:** «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл аланда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді
«терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.

| | | |
|---|---|---|
| | | |

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған орта**<br>**Міндеті: -**Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі<br>**Мақсаты** балаларға үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпті заттармен, қауіпті жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету; қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорларын дамыту; өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап сақтауға тәрбиелеу.<br><br>«Мен үйдемін» ойын жағдаяты:<br><br>- Таңертең ертесімен анасы дәріханаға кетіп бара жатып, кішкентай қызына: «Сен үйде жалғыз қала тұр, есікті ешкімге ашпа, ештемеге тиіспе»- деп ескертеді.<br><br>Үйде жалғыз қалған қыз шәй ішкісі келеді. Ол ас бөлмесіне барып, газ плитаға келіп, сіреңкені қолына алып, оны жағуға тырысады.<br>- Балалар, Айсәуле дұрыс жасады ма? Егер от жағуға болады ма?<br>- Жоқ, сірінке жағуға болмайды өрт шығады, газды да ашуға болмайды ол тез тұтанып жарылады.<br>- Ал, оның шай ішкісі келіп тұр ғой, шайдан басқа не ішуге болады?<br>- Сүт, айран ішуге болады, дәрумендері көп.<br>Айсәуле сіренкені орнына қойып, шәйдің ыдыстан сүт құйып ішеді.<br>Осы кезде біреу келіп есік қағады, кішкентай қыз есікті ашуға тез-тез бара жатыр, ол бірден есікті ашпақ. | **Математика негіздері**<br>**Міндеті: Уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. ақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру**<br>**Мақсаты** Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекі<br><br>. «Жанды апта» дидактикалық ойыны<br>1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып:<br>«Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с.<br>Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.<br>-Барлық демалыс күндерін атаңыз.<br>-Аптаның екінші күнін атаңыз.<br>10 - кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс.<br>- Суреттерді қараңдар.<br>-Бірінші суретте не бейнеленген?<br>- Екінші суретте не бейнеленген? (Үшінші, төртінші). | **Математика негіздері**<br>**Міндеті -** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау<br>**Мақсаты**Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау<br><br>«Жыл бойы» (доппен) дидактикалық ойыны<br>Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:<br>Ақпан жыл ішінде нешінші ай?<br>Жылдың соңғы айы қандай?<br>Қазаннан кейінгі қандай ай?<br>Жаз айларын ата және т.б.<br>«Жыл мезгілі»<br>Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»<br>Педагог бастайды, балалар жалғастырады.<br>Алдымен көктем, содан кейін ... жаз<br>Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең<br>Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан.<br>Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады.<br>Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Есікті бірден ашқан дұрыс па ?<br>Балалар өз ойларын сөйлем құрап толық жауап береді.<br>- Бір кезде Айсәуле анасының келуін күтпей өзі көйлегін үтіктемекші болдып, үтікті токқа қосайын деп жатқанда қандай қауіпсіздік ережесін сақтамады?<br>- Үтікті токқа қосуға болмайды, киім немесе қолын  күйдіріп алуы , өрт шығуы мүмкін.<br>Кенеттен жарық өшіп, бөлме қараңғы болды, ал Айсәуле болса балауыз шамды алып оны жақты. Балауыз шам еріп, қисайып құлап жанып өрт шыға бастады.<br>- Балалар, өрт өте қауіпті, оны қалай өшіруге болады  өрт неден қорқады<br>Балалар: судан, қардан, құмнан және қалың матамен<br>Тәрбиеші:<br>- Кәне, сендер дұрыс айттыңдар ма, тәжірибе жасап тексеріп көрейік.<br>Тәжірибе: жанып жатқан отты балалар құммен өшіреді. | Әр суреттің астына осы оқиғалардың қандай тәртіппен жүретіні туралы өз нөмірі бар карточка қойыңыз. Бұл қай кезге қатысты сөздер екенін атауды ұсынады. Таңертең, кеш, күн, түн сөздерін дұрыс ретпен қайталауды сұрайды | | | |

**Үзіліс:**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Еліктеу ойындары:**<br>“Кім жақсы айтады”<br><br>**Р-р-р-ррр**<br><br>**Ы-ы-ыы-ыыы**<br><br>  | ***Гүлдерді иіскейік.*** Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші. Жаттығу 2-3 рет қайталанады. | ***Ойын: «Өзен»***<br><br>**Кішкене өзен арқылы.**<br>**Мақсаты: б**алаларды   ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Бірі бәрі  үшін, Бәрі  бір  үшін. Сезімін қалыптастырады  және  достыққа  тәрбиелейді.<br>**Көрнекіліктер:**тақтай,жіп.<br>**Шарты:**Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті Тақпақтар жаттату**<br>**Мақсаты**оқу құралдарын дұрыс атап, есте сақтау үйрету. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету**.**<br><br>Балалар мектепке келді.<br>– Балалар қайда келді?<br>– Балалар мектепке келді.<br>– Мынау – мектеп. Мек-теп. Мынау не?<br>– Мынау – мектеп.<br>– Мектепте оқиды, білім алады. Мектепте не істейді?<br>– Мектепте оқиды, білім алады.<br>– Мынау – оқушы. Мынау кім?<br>– Мынау – оқушы.<br>– Мынау – оқушылар. Мынау кімдер?<br>– Мынау – оқушылар.<br>– Мынау – мұғалім. Мынау кім?<br>– МұғалімМынау – сынып. Сы-нып.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – сынып.<br>Мектепте сынып бар.<br>– Мектепте не бар?<br>– Мектепте сынып бар.<br>Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке, хормен қайталап, дұрыс айтып жаттығады.<br>Мектепте сыныптар бар.<br>Мектепте нелер бар?<br>Мектепте сыныптар бар. | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті** - Фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру<br>**Мақсаты**сөздік қорларын оқу құралдарының атауларымен толықтыру<br><br>**Мен бүгін бір оқушының сөмкесін әкелдім. Ішінде не бар? Балалар кезекпен келіп сөмке ішіндегі таныс заттарды алып атап, топтайды. Ойын барысында жаңа сөздермен таныстыру.**<br>**– Мынау – кітап. Кітап не?**<br>**– Кітап – оқу құралы.**<br>**– Оқушыға кітап керек пе?**<br>**– Оқушыға кітап керек.**<br>**– Мынау – мәшине. Мәшине – ойыншық.**<br>**– Оқушыға мектепте ойыншық керек пе?**<br>**– Оқушыға ойыншық керек емес.**<br>**– Мынау – қайшы. Мынау – ... қайшы (жеке-жеке айтады)**<br>**– Оқушыға қайшы керек.**<br>**– Оқушыға қайшы керек пе?**<br>**Оқушыға қайшы керек.**<br>**– Мынау – желім. Мынау не?**<br>**– Мынау – желім.**<br>**– Оқушыға желім керек.**<br>**– Оқушыға желім керек пе?**<br>**– Оқушыға желім керек.**<br>**– Мынау – қылқалам. Мынау не?**<br>**– Мынау – қылқалам.**<br>**– Оқушыға қылқалам керек.**<br>**– Оқушыға қылқалам керек пе?**<br>**– Оқушыға қылқалам керек.**<br>**Мынау – сурет дәптері. Мынау не?**<br>**Мынау – сурет дәптері.**<br>**– Оқушыға сурет дәптері керек.** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** -- Сюжеттік суреттер мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау<br>**Мақсаты** Өлең мазмұнымен таныстырып, өлең шумақтарын жаттату..<br><br>Педагог балаларға Ж.Смақовтың «Қоңырау» өлеңін мәнерлеп оқып береді.<br>«Дың-дың» – қоңыраумын,<br>«Дың-дың» – соғыламын.<br>«Дың-дың» – қағыламын,<br>Мектептен табыламын.<br>«Н» мен «Ң» дыбыстарын жеке-жеке дыбыстату арқылы айтылуына көңіл аудартады.<br>–«Н» дыбысын айтқанда дем мұрын арқылы еркін шығады, тіл үстіңгі тістің түбіне тиеді.<br>–«Ң» дыбысы да «Н» дыбысы сияқты мұрын жолды. «Н» дыбысынан оның айырмасы – тілдің арт жағы таңдайға тиеді. Мысалы: тоң.<br>–Балалар, бір қатарға «Н», екіншісіне «Ң» дыбысы бар сөздерді ойлап тауып қояйық. Балаларға дыбыстарды қайталату:<br>Ян-ян-ян – жүгіріп жүр қоян. Ың-ың-ың – әп-әдемі қайың.<br>Педагог үлгі суретті тақтаға іліп, сурет арқылы М.Әлімбаевтың «Асфальттағы суреттер» өлеңін мәнерлеп оқып береді. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сыныпта орындықтар бар.<br>Сыныпта нелер бар?<br>(Үстел, тақта, терезе сөздерін жекеше, көпше айтады). | **– Оқушыға сурет дәптері керек пе?**<br>**– Оқушыға сурет дәптері керек.**<br>**Сөздік ойын: «Оқушы не істейді»**<br>**Оқушы қаламмен жазады.**<br>**Оқушы қайшымен қағаз қияды.**<br>**Оқушы қылқаламмен сурет салады.**<br>**Оқушы сурет дәптерінде сурет салады.**<br>**– Оқушыға оқу құралдары не үшін керек?**<br>**– Оқушы қаламмен жазады.**<br>**Қайшымен қағаз қияды.**<br>**– Қылқаламмен сурет салады.**<br>**Сурет дәптерінде сурет салады.** | | | |

**Үзіліс:**

| | | |
|---|---|---|
| **«Гүлдерді күтеміз»ойыны**<br>**Мақсаты:**балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.<br>**Ойын шарты:** гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның қасына іліп,ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әңгімелету.<br> | ***Қимылды ойын:*****«Ту».**<br><br>**Мақсаты:**Топтағы қарым-қатынасты нығайту.<br><br>**Ойынның шарты:**Балалар 3-4 топқа бөлінеді.Әр топтың ортасында 1 бала ту ұстап тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ту ұстаған балалар орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларыңды табыңдар» дегенде ойыншылар өз туларына қарай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді.( Тулардың түстері әр түрлі болу керек) | ***Қимылды ойын:***<br><br>**«Шұңқырдағы қасқырлар»**<br><br>**Мақсаты:**Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.<br><br>**Ойынның шарты:**Алаңның ортасында ұзын шұңқыр салынды.(1-1,5 метр)Шұңқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде тұрады.Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұңқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұңқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек. |

## 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** - Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Мақсаты** Балалардың спорттық жаттығулар түріндегі түрлі | **Музыка**<br>**Міндеті:** - Музыкалық ойын арқылы балаларды жылдамдыққа, ептілікке үйрету<br>**Мақсаты** Музыкалық ойын арқылы балаларды | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**.Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Мақсаты .**Тізбектелген түрлі жаттығуларды орындау дағдыларын | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылдар туралы түсінігін кеңейту. Тиімді тыныс алу, волейбол добын қажет бағытта бір қолмен домалату, допты қақпақылдату,<br><br>**«**Саусақтарды жаттықтыру» – допты кез келген бағытта бір қолмен домалату.<br>Педагогтің нұсқауымен алдымен допты сол қолмен, сосын оң қолмен, кейін екі қолмен бірақ дөңгелетеді. Доптың бағытын өзгертпеуге, допты алысқа жібермеуге, доптың артынан үлгеруге тырысады.<br><br>«Допты керілген жіптен асырып лақтыру. Шапшаңдыққа жаттықтыру»<br>Волейбол добын керілген жіптен асырып лақтырып, астынан өтіп, шапшаң аттап, екінші жағынан қайта қағып алады.<br><br>«Секіргіштікті жаттықтыру»<br>20 см биіктікке жүгіріп келіп, секіріп шығу. Секіріп бір аяғына қонады**.** | жылдамдыққа, ептілікке үйрету<br><br>Музыка тыңдау:<br>«Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов)<br>Ән айту:<br>«Қош, балбұлақ балабақшамыз» (Б. Жұмабекова)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>«Балаларды қорғаймыз» (А. Досмағанбет)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Гүлдер вальсі» (П. Чайковский, үнтаспада)<br>Билер: Биді балалардың қалауынша қайталау<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Кім мектепке тез жиналады»<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко) | дамыту. Айналып тұрған арқаннан өтуге жаттықтыру, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп, арқанның дәл аяғының астынан өту сәтінде секіруді дамыта түсу.<br><br>**«**Аңшылар» ( 6 рет).<br>Балалардың назарын ұшып келе жатқан доптан қаша білуге, ол үшін түрлі тактикаларды қолдана білуге, шапшаң қимылдауға аудару.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. «Қасқырлар» диаметрі 4 м шеңбердің ішінде жүреді.<br>«Аңшылар» оларды шеңбердің сыртында тұрып, доппен атып алуға тырысады.<br>Барлық аңшы қолындағы доптарымен атып біткенде, шеңберде қалған қасқарларды санап, оларға ұпай беріледі. Енді олар орын ауыстырады. Көп ұпай алған команда жеңіске жетеді.<br><br>«Тосқауыл» ( 4 рет)<br>Ойыншылар бірінің ішінде бірі тұрған екі шеңберге бөлініп тұрады. Екі шеңбер екі бағытта жүреді. Кенет екі шеңбер де күрт тоқтайды да, ішкі шеңбердегі балалар қол ұстасып «қақпа» жасап тұрады. Сыртқы шеңбердегі балалар оларды айналып жүре бастайды (шеңберден бір шығып, бір кіріп жүреді). Белгі бойынша ішкі шеңбер қолдарын шұғыл төмен түсіреді (қақпа жабылады). Шеңберден шығып үлгермей, іште қалған ойыншылар ішкі шеңберге қосылады. Ойын жалғаса береді. Екі топтың орнын ауыстырып қайталау. | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Мамыр**<br><br>**Серуен**-Бақылау **№15**<br>**Бақылау: Көбелектерді бақылау.**<br><br>***Мақсаты***:<br><br>- көбелектер туралы білімдерін молайту: пайда болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы;<br><br>-барлық тірі табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>**Бақылау барысы**<br><br>**Көркем сөз «Қызыл-жасыл көбелек»** Ш. Мұхаметжанов<br><br>Дала қандай керемет,<br><br>Қойның гүлге толады.<br><br>Қызыл-жасыл көбелек,<br><br>Бір ұшып, бір қонады.<br><br>Қанша қусаң көбелек,<br><br>Қанаты бір талмайды.<br><br>Сонымен не керек,<br><br>Ақыры ұстай алмайсың.<br><br>Жазда, жасыл алқапта, гүлдер басында әдемі көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі, түрлі-түсті.<br><br>Ертеде Римде адамдар көбелектерді өсімдіктер гүлінен пайда болған дегенге сенген<br><br>Көбелектің екі жұп қанаты бар. Олар майда қабыршақпен көмкерілген. Сондықтан да оларды қабыршақ қанаттылар деп атайды. Көделектің денесі қабыршақпен және майда шаштармен көмкерілген. Олардың қысқа мұрттары мен үлкен көздері бар. Гүлден гүлге қонып көбелектер шырын жинайды | **Мамыр**<br><br>**Серуен**-Бақылау **№16**<br>**Бақылау: Гүлзарды бақылау**<br><br>**Мақсаты:**<br><br>Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;<br>Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;<br>Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br><br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді<br><br>Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br>Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>Оларды қалай күтесіңдер?<br>Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br>Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?<br>Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?<br>Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br>**Еңбек**<br><br>Гүл егетін аланда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br><br>*Мақсаты:*<br><br>Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; | **Мамыр**<br><br>**Серуен**-Бақылау **№16**<br>**Бақылау: Гүлзарды бақылау**<br><br>**Мақсаты:**<br><br>Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;<br>Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;<br>Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br><br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді<br><br>Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br>Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>Оларды қалай күтесіңдер?<br>Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br>Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?<br>Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?<br>Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br>**Еңбек**<br><br>Гүл егетін аланда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br><br>*Мақсаты:*<br><br>Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br>Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және оларды тозаңдандарады. Жазда ұрғашы көбелектер жер қыртысына жұмыртқаларын жинайды. Бірнеше уақыттан соң жұмыртқалардан құрттар-личинкалыр пайда болады.осы осы құрттардан нағыз көбелектер өседі. Тұт ағашының жапырақтарымен коректенетін көбелектер адамға жібек алатын жіңішке жіптерін сыйлайды.<br><br>**Зерттеу жұмысы**<br><br>Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін қарау. (көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге құмар болады)<br><br>**Еңбек**<br><br>Гүлзардағы қоқыстарды жинау<br><br>*Мақсаты:* еңбек ете білу іскерліктерін қалыптастыру, өз беттерінше тазалық жүргізуге деген құштарлықтарын ояту. | Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | **Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жанаберген Д**<br>Ертегідегі дыбыстар мен сөздерді айтуға үйрету. | **Жақсылық Сержан** құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен (үстел,орындық,) құрастыруға үйрету | **Жанаберген Дана** Ертегідегі дыбыстар мен сөздерді айтуға үйрету | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-<br><br>тарды қарау және басқалар)** | **Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар».**<br><br>**Мақсаты:тәрбиеші белгісі бойынша жүгіруге, өрмелеуге жаттықтыру.**<br><br>**Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат».**<br><br>**Мақсаты: Дәлдеп тигізе білуге жаттықтыру** | **Қимылды ойын**<br>**«Қай топ тез жиналады?».**<br>**Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру.**<br>**Жаттығу ойыны «Құлап қалма».**<br>**Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.**<br>**Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа.**<br>**Гүл-араға, бал-балаға.**<br>**Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.** | **Қимылды ойын**<br><br>**«Қай топ тез жиналады?».**<br><br>**Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру.**<br><br>**Жаттығу ойыны «Құлап қалма».**<br><br>**Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа.**<br>• **Гүл-араға, бал-балаға.**<br>• **Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |